



Brifing



ОН АЙДАҒЫ ОҢ НӘТИЖЕЛЕР

Облыс әкімі Фаиз Нұрмұхамбетов елордадағы орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте баяндама жасап, өңірдің 10 айдағы даму нәтижелерін қорытындылады.

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі 13 пайызды құрап, ақ қайындар өлкесі ел бойынша бесінші орынға тұрақтаған. Аталған кезең ішінде ауыл шаруа-

шылығында 9,3, өнеркәсіпте 19,1, құрылыста 30,1, тұрғын үйді пайдалануға беруде 3,9, инвестиция тарту ісінде 7,3 пайыздық өсім қамтамасыз етілді.

Фаиз Нұрмұхамбетов өз баяндамасын экономиканың басты саласы саналатын агроөнеркәсіптік кешеннен бастады. Биыл аталған саладағы жалпы өнім көлемі 878,3 млрд. теңгеге жеткен. Елдегі астықтың төрттен бір бөлігі, майлы дақылдардың 23 пайызы, сүттің оннан бір бөлігі теріскейде өндіріледі. Майлы дақыл алқаптарының көлемі 1 млн. гектарға жетіп, 1,2 млн. тонна өнім жиналды. Суармалы алқаптардың көлемі 2,1 мың гектарға артқан.

Өңірде 68,5 мың тонна ет, 334,9 мың тонна сүт, 530 млн. жұмыртқа өндірілген. Бүгінде облыста 110 тауарлы-сүт фермасы жұмыс істеп тұр. Биыл тағы 8 кешеннің құрылысы аяқталады деп жоспарлануда. Жаңа жобалар сәтті жүзеге асса, елдегі сүттің бестен бірі солтүстікте өндірілетін болады.

«Солтүстік Қазақстан облысында жыл сайын 120 мың тонна өнім өндіруге қауқарлы «МаслоДел» май экстракциялық зауыты жұмыс істеуде. «Eurasian Milk» серіктестігінде қоюландырылған сүт цехының құрылысы аяқталды. «Север Агро LTD» серіктестігі биенің құрғақ сүтін өндіретін зауытты іске қосты. «Asyl Farms» серіктестігіндегі қызылша егетін тәжірибелік алқаптар мол өнім берді. Келешекте 1 млн. тонна қызылша өңдейтін кант зауытын салу жоспарланған. Қызылжар ауданының «Salar Farm» серіктестігінде түйіршік жоңышқа өңдеу зауытын салу жобасы іске асырылуда», — делі облыс әкімі.

(Жалғасы 2-бетте)

Ашық әңгіме



Баатырбек ШАМБЕТОВ: «ЖАНЫҒА ЕМ ІЗДЕСЕҢ, ТЕАТРҒА БАР» →5

Qyzyljarda ne jañalyq?



«ЖАС ӨРКЕНДЕГІ» ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ

Өңірде бұқаралық және кәсіби спортты дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Нәтижесінде аудандар мен облыс орталығында жаңа нысандар бой көтеріп, спортпен айналысатындардың саны артқан. Аймақтық ерекшелігімізге сай теріскейде қысқы спорт түрлерін дамыту тиімді екені анық. Аталған спорт түрлері бойынша байрақты бәсекелерде жүлде алып, ел мақтанышына айналған солтүстікқазақстандықтар да аз емес. Күні кеше өңірдегі спорт саласында тағы бір елеулі оқиға орын алып, жаңа мұз сарайы пайдалануға берілді.

(Жалғасы 2-бетте)



ЖАЛАҚЫСЫ АЗ, ЖҰМЫСЫ АУЫР

→6-7



«БҰЛ ҚИЫНДЫҚТАН ДА ӨТЕМІЗ»

→10

Tolğandyrar taqyyp

АЛАЯҚТАР АЙЫЛЫН ЖИМАЙ ТҰР

«Алло, сіздің есіміңіз Амангелді ме?». Өз атын бейтаныс жанның аузынан естіген Амангелді ақсақал «Иә» не «Жоқ» деп жауап берерін білмей, үрейлі көзбен маңайын бір шолып өтті де, тұтқаны тастай салды. Арада сүт пісірімдей уақыт өткен жоқ, қалта телефоны тағы да безектеп қоя берді. «Алло, сіз Амангелдісіз бе?» — деп сұрады тұтқаның арғы жағындағы жан. Ақсақал өзінің атынан өзі шошығандай күйге түсіп, дауысын сәл қарлықтырып «Жоқ» деп жауап берді. Әлгі кісінің: «Мазалағаным үшін кешіріңіз! Астанадан Ринат деген жігіт бір сөмке беріп жіберіп еді. Алушы кісінің нөмірін қате жазып алдым ба екен? Айып етпеңіз!» дегені сол еді, ақсақалдың көңілі көтеріліп: «Амангелді деген менмін ғой, менмін» деп басын изеп, сөзін әрі қарай жалғады: «Ренжіме, балам, сені алаяқ екен деп қалдым. Атымнан кредит алып, қолыма ұстап көрмеген миллиондарды мойныма іліп кете ме деп жүрексінгенім ғой».

(Жалғасы 9-бетте)



Nazaryñyza bolsyn!

4 желтоқсаннан бастап «Отбасы банк» біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен офтальмологиялық қызметтерді төлеуге арналған өтінімдерді қабылдамайды. Бұл туралы банктің баспасөз қызметі хабарлады.



ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ

«Өтінім қабылдауды тоқтату Денсаулық сақтау министрлігінің БЖЗҚ емделуге пайдалану ережелеріне енгізген өзгерістерімен байланысты. 3 желтоқсанда тиісті бұйрық жарияланды. Жаңа ережелерге сәйкес, зейнетақы қаражатын стоматологияға да, офтальмологияға да пайдалануға

рұқсат берілмейді», — делінген хабарламада.

Осы күнге дейін жіберілген барлық өтінім қабылданып, белгіленген тәртіппен қаралады. Қазіргі уақытта банкте «офтальмология» бағыты бойынша жалпы сомасы 13,3 млрд. теңге болатын 15808 өтінім бар. «Стоматология бо-

йынша өтінімдер тоқтатылғаннан кейін офтальмологияға сұраныс күрт артқан. 15 қыркүйекке дейін айына орташа 174 өтінім мақұлданса, шектеулер енгізілгеннен кейін бұл көрсеткіш 7 есеге, яғни 1264 өтінімге дейін өсті», — делінген хабарламада.

Жайна НҰРМАҒАНБЕТ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«SED GROUP» ЖШС 15.12.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде «Петропавл қаласындағы Esil City көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылыс алаңының шекарасында жылжымалы бетон қондырғысын орналастыру» эскиздік жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар өткізеді.

Бастамашысы — «SED GROUP» ЖШС, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Береке ш/а., 77 үй, БСН: 040540017019, тел.: +7 775 410 4481, e-mail: sed2050@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., Васильковский 4Г ш/а., тел.: 8 (776) 1124854, e-mail: alait@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО — «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Петропавловск қ, Парк к, 57в, тел.: 8 (7152) 533640, электрондық мекенжайы: dpr@sko.gov.kz

«Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» <https://ndbecology.gov.kz> сайтында құжаттамамен танысуға және ұсыныстар мен ескертулер қалдыруға болады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 242-бабының 3-тармағына сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Айыртау аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінде иесіз жылжымайтын мүлік ретінде есепте тұр:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округі Береславка ауылында орналасқан үш объектіден тұратын ауыл шаруашы-

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «SED GROUP» с 15.12.2025 г. в течение 5 рабочих дней проводит публичные обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» к эскизному проекту «Размещение мобильной бетонной установки в границах строительной площадки многоквартирного жилого комплекса Esil City в г. Петропавловск».

Инициатор - ТОО «SED GROUP», Костанайская область, г. Костанай, мкр. Береке, д.77, БИН: 040540017019, тел.: +7 775 410 4481, e-mail: sed2050@mail.ru.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», БИН: 100540015046, г. Кокшетау, мкр. Васильковский 4Г, тел.: 8 (776) 1124854, e-mail: alait@mail.ru

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области», г. Петропавловск, ул. Парковая 57в, тел. 8(7152) 533640, электронный адрес: dpr@sko.gov.kz

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://ndbecology.gov.kz>.

лығы жануарларын ұстауға арналған базалар;

2. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округі Новосветловка ауылында орналасқан екі объектіден тұратын ауыл шаруашылығы жануарларын ұстауға арналған базалар.

Егер осы объектінің меншік иелері туралы мәліметтер болса, Айыртау ауданының әкімдігі, Саумалкөл ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, 44, каб. 10, каб.12, мекенжайы бойынша хабарлауды сұраймыз. Тел.: 8(71533)22751, 8(71533)22369

Еске алу

Адам жақынын кара жерге қиған ба? Айлар, жылдар өтіп, оралмайтын сапарға аттанғанына көзің жетсе де, еске алып, баталы күндерінде Құран оқытып, ұмытпайсың.

Жамбыл ауданы, Орталық ауылының тумасы, осы аудандың Троицк ауылында ғұмыр кешкен асыл жар, ардақты әке — асқар тауымыз Сайтуғали Зікірияұлы Башеновтің қайтпас сапарға аттанғанына желтоқсан айының 3 жұлдызында 33 жыл болды. Ортамызда амансау жүргенде осы жылдың 10 мамырында 90 жасқа толар еді. Елге сыйлы, ағайын-туыс-



қа өте қадірлі еді, балаларының ел қатарлы азамат болуына өнеге-тәрбиесін, күш жігерін арнады. Өте кішіпейіл,

балажан, бауырмал, кең жүректі азамат болатын. Көзден кеткенімен, көңілден өшпейтін бейнесі мәңгілік жадымызда.

Тасқа ұрғандай,
мандайымыз шағылып,
Қайғы бұлтын қала бердік
жамылып.
Қанша жылдар өтсе дағы,
өзіңді

Ұмытпаймыз,
еске аламыз сағынып.

Еске алушылар: Қалиевтар, Сексембаевтар, Канафиндер, Башеновтер отбасы, жұбайы Күлмән, балалары Еншібай, Сәуле, Торғын.

Jer-jahan

ЖАҢА
КОНСТИТУЦИЯ
ЖОБАСЫ

Арменияның негізгі заңына бірқатар маңызды өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Бұл туралы елдің әділет министрі Србуи Галян парламентте журналистерге берген сұхбатында мәлімдеді. Србуи Галян атап өткендей, жаңа конституциядағы басты жаңалықтардың бірі — парламенттің өз-өзін тарата алу құқығы. Бұл үшін премьер-министрге сенімсіздік вотумын ұзақ рәсімдер арқылы жариялау немесе оның отставкаға кетуін күтудің қажеті жоқ. Жоба депутаттардың белгілі бір бөлігі бастама көтерген жағдайда, қажетті дауыс саны жиналса, парламентті таратуды көздейді.

«ROBLOX» ОЙЫНЫ
БҰҒАТТАЛДЫ

Ресейде «Roblox» онлайн ойыны ресми түрде бұғатталды. Ресейдің байланыс және ақпарат саласын бақылау қызметі бұл шешімді сервис арқылы экстремистік материалдардың таралуы және ЛГБТ-идеялардың насихатталуымен түсіндірді. Ведомствоның мәлімдемесіне сәйкес, балалар арасында танымал платформада террористік әрекеттерді бейнелеу, мектепке шабуыл жасау, құмар ойындарға қатысу сияқты контент кездескен. Сонымен қатар ведомство «Roblox»-та балаларға қатысты «жыныстық сипаттағы әрекеттер, азғындыққа итермелеу және зорлық көрсету қаупі бар» екенін атап өтті. Платформаның педофилдер арасында да танымал екені айтылды.

ӘУЕ
КЕҢІСТІГІНДЕГІ
ЕГЕМЕНДІК

Венесуэла өзінің әуе кеңістігі мен аумағын толық бақылауда ұстайды. Бұл туралы сыртқы істер министрі Иван Гил Пинто мәлімдеді. «Венесуэла өзінің әуе кеңістігінде тәуелсіз. Ешбір күш Венесуэла халқы мен үкіметін егемендіктен айыра алмайды, бұл халықаралық құқықпен кепілдендірілген», — деді министр. Ол президент Николас Мадуроның Венесуэла әуе кеңістігіне АҚШ-тан

304 мигрант мінген «Eastern Airlines» ұшағының кіруіне рұқсат бергенін хабарлады. Үкіметтің «Туған жерге оралу» бағдарламасы аясында АҚШ пен Мексикадан оралғандар Каракасқа жеткізілді.

ҚҰМДЫ ДАУЫЛ



Австралиялық кеншілер солтүстік аумақтағы Танами шөлінде құмды дауылға тап болды. Австралияның ең ірі жерасты алтын кеніштерінің бірінде құмды дауыл екі күннен бері тоқтамай тұр. Әріптестерімен бірге дауылға тап болған кенші Лаклан Маркант оқиға туралы айтып берді. «Бұл бізге Улуруны (Австралияның солтүстік аумағындағы биіктігі 348 метрлік жартаc) еске түсірді. Оның көлемін елестете беріңіз. Ол бізге ұшып келе жатқандай болды», — дейді Лаклан Маркант.

ОРМАН
АЛҚАПТАРЫН
САТЫП АЛМАҚ

«Inter Ikea» компаниялар тобы Латвия мен Литвада шамамен 24 мың гектар орман сатып алу туралы келісімге келген. Тараптар мәмілені 2026 жылдың бірінші жартысында аяқтауды жоспарлап отыр. «Ikea» әлемдегі ең ірі ағаш тұтынушылардың бірі саналады және 2030 жылға дейін көмірқышқыл газы шығарындыларын екі есе азайту мақсатын қойып отыр.

ТӨРТ КҮН БОЙЫ
СУСЫЗ ОТЫР

Румыниядағы Прахова мен Дымбовица аймақтарындағы 14 елді мекен, яғни шамамен 100 мың адам сусыз отыр. Жаңбырдан кейін жабыдықтар істен шыққан. Зардап шеккен аудандарға су таситын көліктер жіберілген, сондай-ақ мемлекеттік қордан бөтелкелердегі су беріліп жатыр. Дегенмен жергілікті дүкендердегі су тез таусылуда. Осыған байланысты мектеп оқушылары онлайн оқуға ауыстырылып, жергілікті медициналық мекемелердің жұмысы шектелді.

(Ғаламтор материалдары негізінде әзірленді).